

Облыстың ауыл шаруашылығы ұйымдарының банкроттыққа ұшырау жағдайларындағы уәкілетті орган туралы

Атырау облысы әкімиятының 2002 жылғы 2 қазандағы N 251 қаулысы. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 5 қарашада N 1186 тіркелді. ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамырдағы № 3-2185/06 хатына сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатпайды.

ҚР Атырау облысы әділет департаментінің 2006 жылғы 23 мамырдағы 3-2185/06 х а т ы н а н ү з і н д і :

Атырау облыстық әділет департаменті ертеде тіркелген нормативтік құқықтық актілеріне қайта тексеріс жүргізілген қорытындысы бойынша және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 4-2-1/и623 хатына сәйкес, Сізге Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38-бабының талаптарына сәйкес келмейтін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің тізімін, "Заң" деректер базасына тиісті жазбаларды енгізу үшін, жолдайды.

Қ о с ы м ш а 2 б е т т е
А О Ә Д б а с т ы ғ ы

Қосымша: 5) Атырау облысы әкімиятының 2002 жылғы 2 қазандағы N 251 "Облыстың ауыл шаруашылығы ұйымдарының банкроттыққа ұшырау жағдайларындағы уәкілетті орган туралы" шешімі (Атырау облыстық әділет департаментінде 2002 жылғы 5 қарашада N 1186 тіркелді).

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 67-1 "Банкроттық туралы" Заңына сәйкес және ауыл шаруашылығы ұйымдарының банкроттыққа ұшырау іс жосығын өткізу мақсатында, облыстық әкімият қаулы етеді:

1. Облыстың ауыл шаруашылығы ұйымдарының банкроттыққа ұшырау жағдайларындағы уәкілетті орган болып, Атырау облысы Ауыл шаруашылығы департаменті анықталсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық әкімиятының 28.04.2005 N 152 қаулысымен.

2. Атырау облысы әкімінің 1999 жылғы 16 сәуірдегі N 80-ө "Облыстық дәулетсіз ауыл шаруашылығы ұйымдарын жою және банкроттау іс жосығы жөніндегі уәкілетті орган туралы" өкімінің күші жойылған деп есептелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Ищановқа жүктелсін.

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК